ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УНИВЕРСИТЕТ АЛМАТЫ

# «ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР»

**халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**



**МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции**

# «НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПОИСК В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ»

Алматы 2016

| | | |
|---|---|---|
| | **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ** | |
| 31 | Ульбауова А. М.<br>**НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ** | [illegible] |
| 32 | Муханова Г. Б.<br>**АВТОРИТЕТ ПЕДАГОГА В СТАНОВЛЕНИИ ЛИЧНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ** | [illegible] |
| 33 | Андреева Н. А<br>**ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ КАК СРЕДСТВУ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ОБЩЕНИЯ** | [illegible] |
| 34 | Ган Н. Ю.<br>**СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОРГАНИЗАЦИИ И СОТРУДНИЧЕСТВУ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ И СЕМЬИ** | 170 |
| 35 | Джакибаева А.Т.<br>**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ** | 175 |
| 36 | Ибрагимова Р.<br>**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНАҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ӘСЕРІН ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ** | 178 |
| 37 | Ташкен Жандосовна<br>**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ** | [illegible] |
| 38 | Есбулатова А. Б.<br>**ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПУТЕМ ВНЕДРЕНИЯ ИДЕЙ СЕМИ МОДУЛЕЙ НАУРОКАХ** | [illegible] |
| 39 | Тоқсанбаева Н.Қ.,Стамбеков Е.Б., Ақылан Г.Б.,Тоқсанбаева Н.Б.<br>**МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ** | [illegible] |
| 40 | Вострякова В. В.<br>**КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ ПОДХОД В МУЗЫКАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ** | [illegible] |
| 41 | Тоқсанбаева Н.Қ.,Ақылан Г.Б.,Борбасова Г.Н. | [illegible] |

проявить себя в какой – либо области деятельности:

При внедрении модуля «Преподавание и обучение в соответствии с возрастными особенностями учеников» необходимо учитывать возрастные особенности и когнитивное развитие учащихся в преподавании и построении урока. Также рассматриваются различные подходы в теории обучения: бихевиористические, гуманистические, социально-ситуативные, которые тесно связаны с вниманием, памятью, мышлением, моральными рассуждениями и творчеством учащихся. «Управление и лидерство в обучении» основывается на убеждении, что устойчивое изменение и развитие в любой системе образования не могут быть привнесены извне: они должны исходить из изменений в понимании и практике учителей в реальных классах. Учитель дожен занимать позицию не руководителя, а направляющего в получении знаний самими учащимися. Поэтому учитель на уроках должен быть незримым путеводителем для своих учеников, уводя их в удивительный мир знаний, при этом не нарушая их стремления учиться самостоятельно, спорить, высказываться, развиваться в своём маленьком сообществе.

Идеи, заложенные в основу данных модулей взаимосвязаны и взаимообусловлены между собой, при использовании одного модуля на уроке прослеживаются параллельно и другие модули. Чтобы применять данную программу в дальнейшей своей работе, каждый из нас должен обладать широким профессионализмом, делиться опытом с другими педагогами и проявлять свои лидерские качества, расширять круг единомышленников,стараться не останавливаться на достигнутом. Все вышеприведенное основывается на аргументах, которые указывают, что именно через обучение люди становятся более человечными, что преподавание вовлекает все, что помогает людям изучать и, что в перспективе только учителя могут предпринимать необходимые меры по улучшению педагогической практики. И только тогда можно:

увидеть блеск в глазах своих учеников

чувствовать их интерес к подобным урокам

слышать их мысли, которые они не боятся высказывать перед своими одноклассниками

радоваться вместе с ними, когда они довольствуются результатами своей совместной работы

осознать, что у учащихся желание одно – учиться [4,8 с]

В результате внедрения новых подходов в практику преподавания мне удалось достичь успеха в создании активного класса. На моих уроках ученики разговаривают друг с другом, задают вопросы учителю и одноклассникам, передвигаются по кабинету для работы с другими учениками; пишут, составляют схемы, рисуют для того, чтобы поделиться с другими; объясняют, демонстрируют, делают записи друг для друга, лицом друг к другу, естественны, непосредственны. Все эти качества



являются важными для формирования функциональной грамотности, ведь ученик, умеющий обучаться, знающий, как использовать информацию в нужных целях; взаимодействующий с другими людьми и обладающий целым комплексом умений и навыков 21 века, способен жить и действовать в условиях меняющегося мира.

Литература:

1.«Руководство для учителя» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» 2012

2.Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан третий (базовый) уровень АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» 2012

3.Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство/Сост.Р. Х. Шакиров и др.– Б.: «Билим», 2012. – 80 с.

УДК 159.101. 1

## МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Тоқсанбаева Н.Қ.**
психология ғылымдарының докторы, профессоры
**Стамбеков Е.Б., Ақылан Г.Б.**
Алматы университетінің магистрі
**Тоқсанбаева Н.Б.**
әл-Фараби ат. ҚазҰУ-нің магистрі
Алматы қаласы

Қазіргі заман талабы қажет етіп отырған ең өзекті мәселелердің бірі ұрпағымыздың жарқын болашағы, еліміздің мәңгілігі, мемлекетіміздің дамуы барлығы дерлік білім саласындағы мұғалімдердің біліктілігіне байланысты болып отыр. Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің өткен жылғы Жолдауында алдағы он жылдың міндеттерін саралап көрсетіп, соның ішінде осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлауға, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалануға қатысты ойларын айтқан. Қазіргі таңда қалыптасып қалған білім, білік, дағдыға негізделген білім берудің

нәтижелері мен жаңа әлеуметтік экономикалық қоғам қажеттіктері деңгейі арасындағы қайшылықтар айқын байқалуда. Өйткені, заман талабы педагог мамандардың құзыреттілік сапаларын қоғамның жаңа құрылымына сәйкес белгілеп отыр [1,2 б].

Білім қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық.Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі[2,42 б].

Еуропалық білім кеңістігінде қоғамға қажеттік, мобильдік, өзара сенім білдірудің ең басты шарты алынып, сапа көрсеткіштері ретінде құзыреттіліктер қарастырылуда.

Құзыреттіліктің заман талабына сай кез келген саланың маманы болуға мүмкіндік беретін басты екі түрі белгіленіп отыр. Олар – «пәндік» және «пәннен жоғары метапәндік» құзыреттіліктер. Атап айтқанда, «пәндік» құзыреттілікке белгілі бір пәнді меңгеруге (ұстаздар үшін) немесе белгілі бір саланы меңгеруге қажетті білім мен білік жатқызылса, «пәннен жоғары метапәндік» құзыреттілік ретінде адамның өз білімін пайдалану және одан әрі дамытуға бағытталған ақпараттық, коммуникативтік, бірлесе жұмыс жасай алу қабілеттері, өз әрекеттерін басқару дағдылары сияқты қасиеттері жатқызылады.

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі,



білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

«Құзыреттілік» терминін XX ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымын берген.

Ғалымдардың берген анықтамаларына сүйене отырып «құзыреттілік» ұғымына мынадай анықтама беруге болады. «Құзыреттілік» дегеніміз – білім, білік, дағдыны меңгерген, өз ісін жетік білетін, кәсіби іс-әрекетке сауатты талдау жасай алатын, ойын нақты жеткізе алатын танымы мол, яғни кәсіби білімнің жеткілікті жиынтығы, тәжірибелі деген мағынаны білдіреді.

Оқытушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру компоненттері өзара бір-бірімен тығыз байланысты. Мұндағы компоненттердің алынған өлшемдер (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексиялық) бойынша көрсеткіштері дидактикалық біліктіліктің бес компонентіне (білім, білік, дағды, тәжірибе және қабілет) сүйене отырып дайындалды.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үрдісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет (компетенция) ұғымдары пайдаланып келеді. Оның біріншісіне «Қазақ Совет Энциклопедиясының» орысша-қазақша сөздігінде «хабардар, жетік, терең білетін» деп, ал екіншісіне «хабардарлық, міндет, қызмет бабы» деп анықтама берілген. Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді.

«Құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді.

Өмірдің өзгермелі жағдайында құзыретті тұрғы білім берудің практикасы мен теориясының дәстүрлі мақсаты ретінде алға шығады. Құзыретті болу мен құзыретсіз болудың себептері бірдей, ол адамның жеке тұлға ретінде ахуалы. Немесе құзыреттіліктің бар-жоғын анықтау үшін қарым-қатынас, педагогтік еңбек нәтижелері мен адами қарым-қатынаста, оның қорытындыларына қарап пайымдау қажет. Мұның мағынасы педагог мамандар өз әрекеті мен орындаған жұмысы кәсіби іс-әрекеттің белгіленген талаптарына жауап беретін және орындай алатын болса, кәсіби құзыретті болып саналады.

Сонымен кәсіби құзыреттіліктің келесідей түрлері ажыратылады: [3,5 б]

- Арнайы — жеткілікті деңгейде кәсіби қызметті меңгеру, өзінің болашақтағы кәсіби дамуын жоспарлау қабілеті;
- Әлеуметтік — бірлескен кәсіби қызмет пен өзара әрекеттесуді, кәсіп саласында қабылданған қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру, өз жұмысының нәтижелеріне деген әлеуметтік жауапкершілікті сезінуі;

• Тұлғалық — өзін-өзі дамыту және өз қабілеттерін жүзеге асыру тәсілдерін меңгеру;

• Жеке — кәсіп аумағында өз қабілеттерін жүзеге асыру тәсілдері мен өзінің дербестігін дамытатын тәсілдерді меңгеру, кәсіби тұрғыдан өсіп-дамуға деген дайындығы.

Мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың 8 деңгейін қарастыруға болады:

Пәндік — мамандық қызметтеріне байланысты қойылатын проблемаларды шешу қабілеттілігі.

Аналитикалық бақылау — пәндік іс-әрекеттерін талдау мен бақылау проблемаларын шешу қабілеттілігі.

Ұйымдастырушылық — оқушылардың өзіндік іс-әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталған проблемаларды шешу қабілеттілігі.

Коммуникативтік — «Мұғалім—Білім алушы», «Білім алушы — Білім алушы», «Мұғалім — Ата-ана» және т.б. жүйелердегі қарым-қатынасты проблемаларды шешу қабілеті.

Бейімделген - қазіргі жағдайдың өзгерістері мен талаптарына сәйкес проблемаларды шешу қабілеттілігі.

Ынталық/психологиялық — психологиялық, жекетұлғалық, жеке тұлғалар арасындағы өзара қарама-қайшылықты шешу проблемаларының қабілеттілігі.

Жобалық – оқу орнындағы, мұғалімді және білім алушының дамыту жобаларын шешу қабілеттілігі.

Ғылыми-ізденістік – оқу орнының, мұғалімнің және білім алушының даму нәтижелерін зерттеуді ұйымдастыру және оны өткізу проблемаларын шешу қабілеттілігі.

Мұғалімнің кәсіби құзырлылығы, оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Осыдан барып жетіктік іс-әрекеттің формасы, үлгісі (идеалы) ретінде көрініс табады. «Жетіктік» адамның білімі, білігі мен дағдыларының қолдану саласын белгілейді. Құзырлылығы қалыптасқан маман – кәсіби қалыптасу барысында жетіктік үлгісіндегі мақсатқа ұмтылуда белгілі бір міндеттер жиынтығына ие болатын маман.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін – өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар ұстаздар қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтарымыз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті; нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі шәкірттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интелектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне



шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезуіне үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады: бағдарлы құзыреттілік; мәдениеттанымдық құзыреттілік; оқу- танымдық құзыреттілік; коммуникативтік құзыретілік; ақпараттық-технологиялық құзыреттілік; әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі; тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі.

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттілігінің жан – жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан – жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарында қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Қазіргі күні білімнің даму қағидалары біліктіліктен құзырлылыққа көшуді талап етуде. Құзырлылық ұстанымы білім жүйесінің мазмұнын маман дайындаудың тар шеңберінде қалдырмай, оны кең көлемді дүниетанымдық, азаматтық, әлеуметтік, экономикалық, моральдік-этикалық, кәсіби ауқымды қарастырады.

Болонья процесінің аумағында 2004 жылы құрылған TUNING («Еуропада білім құрылымдарын сәйкестендіруге бағыттау») жобасы «құзырлылық» ұғымына келесі өлшемдерді жатқызады [4, 32 б]:

• «білім және түсінік» (қандайда болмасын ғылым саласындағы теориялық білім, білу және түсіну);

• «қалайша әрекет жасау керектігін білу» білімі (нақты ситуацияларда білімді практикалық және оперативтік тұрғыдан қолдана білу);

• «қалайша өмір сүру керек» білімі (әлеуметтік контексте басқа адамдармен өмір сүрудің ажырамас бөлігі болып табылатын құндылықтар).

Білім игеру процесінің аяққы нәтижесі ретінде құзырлылық парасаттылық (интеллектуалдық) қабілеттерді дамытуға бағытталады. Ал ол қабілеттер өз кезегінде білім алушыларға техникалық, экономикалық және мәдени өзгерістерді саналы түрде түйсініп, әлеумет ішінде жұмыс жасай білу, бастамашылдық пен жауапкершілік, шығармашылық пен конструктивтік көзқарас, икемділік пен бейімшілдік сияқты қасиеттерді дамыту мүмкіншілігін береді□4□.

Құзырлылық білім алушының өзін-өзі ұйымдастыру, басқару, бағалау, қадағалау, түзету әрекеттеріне ниеттейді, оны масылдық пен бәлсенділіктен

арылтып, белсенді және өмірінің қалайша өтетіндігіне деген жауапкершілікті толық өз мойнына артуға бағыттайды.

«Құзырлылық» ұғымы келесідей ұстанымдарды жүзеге асыруды меңзейді:

- оқудың мазмұнын, оны жоспарлау қағидаларын қайта қарау;
- оқудың «мазмұн – білім – пән» аумағындағы парадигмасынан бас тартып, гуманистік қағидалар тұрғысынан өмір сүруді үйрену.

Педагогтардың кәсіби құзырлылықтары оқу процесінде келесі әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- интербелсенді әдістерді қолдану;
- жоғарғы оқу орнының «өмір стилін» өзгертіп, оны динамика мен қызыққа толы процеска айналдыру;
- оқытушылар мен білім алушылардың арасындағы қарым-қатынасты ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуге негіздеу.

Педагогтардың кәсіби құзырлылықтарын қалыптастыруда келесідей әдістерді оқу процесінде қолданудың маңызы зор:

- бірлескен интербелсенді әрекеттер;
- рөлдік және іскерлік ойындар;
- кейс-стади;
- презентациялар;
- кері байланыс;
- пікірталастар;
- тренингтер.

Қорыта келгенде, дәстүрлі оқытуда ұстаз өзіне мәлім ақиқатты жария қылып, шәкірттерінен өзінің айтқанына ғана иланып, соларды қайталап беруді талап етеді. [5].

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 11.10.2004 ж., ҚР Президентінің № 1459 Жарлығы, Астана.

2.Болонский процесс: Бергенский этап/Под.ред. В.И. Байденко. – М.: Исслед. Центр проблем качества подготовки специалистов. – Астана: Национальный аккредитационый центр Министерства образавания и науки РК. 2006

3.Әлімов А. Қ. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы, Алматы 2009 ж. 328 б.

4.Трофимова Г.С. Структура педагогической коммуникативной компетентности: 2-е изд., испр. и доп. Ижевск: Купол, – 2000. – 90с.

*Түйін*

*Мақалада қазіргі заманға қажетті, білім саласында өзекті болып отырған құзыретті мамандарды қалыптастыру жолдары қарастырылды.*



*Құзыретті маман мен білікті маманның ерекшелігі анықталды. Инновациялық оқыту әдістері қарастырылды.*

*Резюме*

*В статье рассматриваются пути становления актуальных для современности и компетентных для области образования специалистов. Определяются особенности компетентных и квалифицированных специалистов. Указываются методы инновационного обучения.*

*Ключевые слова: компетенция, квалификация, педагогика, инновационные методы обучение.*

*Түйінді сөз: құзыреттілік, біліктілік, педагогика, инновациялық оқыту әдістері.*

УДК 347.785

## КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ ПОДХОД В МУЗЫКАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Вострякова Валентина Викторовна, старший преподаватель
Шадринского государственного педагогического университета,
город Шадринск

**Аннотация.** В статье рассматривается развитие и становление культурно-исторического подхода в музыкальном образовании. Выявляются основные проблемные сферы культурно-исторического подхода. Определяется специфика объекта и предмета музыкального образования в рамках культурно-исторического подхода.

**Ключевые слова:** музыкальное образование, этномузыкология, музыковедческий анализ, искусствоведческий подход, культурологический подход, культурно-исторический подход.

Развитие культурно-исторического подхода в музыкальном образовании обусловлено наличием двух важнейших сфер музыки, а именно: самой *историей музыки*, имеющей такой объект изучения как европейский музыкально-исторический процесс, а также, *этномузыкологией*, представляющей собой отрасль музыкальной науки, изучающей историю музыкальных культур различных стран и народов, в том числе и «традиционную музыку европейского ареала» [2], роль которой в становлении культурно-исторического подхода в музыкальном образовании является несомненной.

История музыки, изучая музыку как продукт культуры человечества, тем или иным образом, включает в круг своих исследовательских интересов